

Көксу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы

Алматы облысы Көксу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № 446 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылды 28 қарашада № 5307 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Көксу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Көксу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Көксу ауданы әкімінің орынбасары Халелов Дәulet Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

A. Әділ

Көксу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы " " _____
_ "Көксу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз
етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің
түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай
сыйақының мөлшерін айқындау туралы" № _____
қаулысына қосымша

Көксу ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Көксу ауданының полиция бөлімінің ұсынысы бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін Көксу ауданы әкімдігімен құрылған комиссиямен қаралады.

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермелеу үшін негіз болып табылады.
4. Көтермелеу түрлері, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшері, көтермелеушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі ескеріле отыра, әдетте 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын комиссиямен белгіленеді.
5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін комиссия қабылдайтын шешімге сәйкес, қосымша Көксу ауданының полиция бөлімінің бастығының бұйрығы шығарылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК